

«Бекітемін»

Жарөткел негізгі орта білім беретін
мектебінің директоры: Г.А.Алина
№ 1 «31» таңыз 2022 жыл
Пед. кенесте қаралды

«Келісемін»

Аудан білім белімінің
басшысы: Б.Д.Сейлханов
«12» 09 2022 жыл

«Математикалық сауаттылық»

(Белсенді – козғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабак)

Сыныбы: 4

Орындауды: Жалғасбаева М.Т

(Математика пәнінің мұғалімі)

№ 1 хаттама «31» таңыз 2022 жыл
Ә/Б отырысында қаралды: Алпысова Г.А.

Тексерілді: Жиеналы М.А.
(Оқу ісінің менгерушісі)

ТҮСІНІК ХАТ

Ұсынылып отырған таңдау курсы "Математика" пәнінің жалпы білім беретін мектептің 4 сыныптарына арналған оқу бағдарламасын негізге ала отырып, вариативтік компонентінде көрсетілген таңдау пәні бойынша пәнді терендете оқыту мақсатында құрастырылған.

«Математикалық сауаттылық» таңдау курсының бағдарламасы 4 сыныпқа арналған және 36 сағатқа есептелген. Таңдау курсы кіріспе, жалпы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру пәндік оқу материалының мазмұнын менгертуде қоршаган ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графикалық дағдыларын, дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген қорытындылар жасау біліктігін қалыптастыру үшін қоршаган ортадан алынған мағлұматтар бойынша есептер құрастыру және оны шығару, өмірмен байланыстырып талдау және есептің шартына байланысты окушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру (сурет салу, сызба сыйзу, кесте толтыру т.б.) және математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті акпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және накты түсіндіру біліктігін қалыптастыруда есептерді әр түрлі тәсілдермен шығару, есептерді кері есепке айналдыру, салыстыруға арналған тапсырмалардан тұрады.

Курстың негізгі мақсаты – окушының пәнді терен түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда пайдалана білуін қамтамасыз ету

Курстың міндетті окушылардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушылық тапсырмалар, ойын арқылы танымдық белсенділігін, ойлау әрекетін нығайтады. Жеке және топпен жұмыс жасау кезінде алға қойған мақсаттарына жетуге, шапшаңдыққа, нактылыққа жетелейді.

Нені менгеруі керек:

Математиканы түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде пайдалану.

Күтілетін нәтижеле:

- Окушылар кеңістік деңелерді, геометриялық фигуralарды ажыратып, логикалық ойды дамытуға арналған білімдерді менгереп алады;
- Математикалық тілде сөйлеуге машықтанып, ой-өрісін, қабілетін дамыта алады;
- Математикалық білімді тұрмыста қолдана алады;
- Логикалық есептерді шешуге дағыланады;

Курстың мазмұндық болімі

I- болім. «Сиқырлы сандар » 6 сағат

Сандардың ортақ жиынтығы. Сандық нұсқама. Сан қатарын жалғастыр. Белгісіз санды табу. Шифрлеу. Математикалық шытырман.

II- болім.«Көбейтудің тиімді тәсілдері» 7сағат

9-га көбейту.19-ға көбейту. Үш таңбалы сандар құпиясы.11-ге көбейту.101-ге көбейту. Көңілді есептер.1001-ге көбейту.

III- болім. «Логикалық тапсырмалар» 8 сағат

Арифметикалық шытырман. Ауызша көбейту. Жасырын таңбалар. Математикалық сөзжұмбак. Қызықты торкөздер.99-ға көбейту.25-ке көбейту. Есептер шығару.

IV- болім. «Қызықты тапсырмалар» 7сағат

Қызықты есептер. Құпия хат. Сиқырлы торкөздер. Сандарды 5,50,500-ге көбейту. Көп таңбалы сандарды көбейту. Көңілді жаттыңулар.25-ке бөлу.

V- болім. «Геометриялық фигураналар» 8сағат

Логикалық есептер. Сиқырлы шаршы. Құпия код. Жұмбақ кілт. Сиқырлы домино. Білімді тиянақтау. Тест. Қорытынды сабак.

Нормативтік бөлім
«Математикалық сауаттылық» Барлығы 36 сағат, аптасына 1 сағат

<i>№</i>	<i>Курстың мазмұндық болімі</i>	<i>Сағат саны</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Ескерту</i>
	I- болім. «Сиқырлы сандар »	6 сағат		
1	Сандардың ортақ жыныстығы.	1	7.09.22	
2	Сандық нұсқама.	1	14.09.22	
3	Сан катарын жалғастыр.	1	21.09.22	
4	Белгісіз санды табу.	1	28.09.22	
5	Шифрлеу.	1	5.10.22	
6	Математикалық шытырман.	1	12.10.22	
	II- болім. «Көбейтудің тиімді тәсілдері»	7сағат		
7	9-ға көбейту.	1	19.10.22	
8	19-ға көбейту.	1	26.10.22	
9	Үш таңбалы сандар құпиясы.	1	9.11.22	
10	11-ге көбейту.	1	16.11.22	
11	101-ге көбейту.	1	23.11.22	
12	Көнілді есептер.	1	30.11.22	
13	1001-ге көбейту.	1	7.12.22	
	III- болім. «Логикалық тапсырмалар»	8 сағат		
14	Арифметикалық шытырман.	1	14.12.22	
15	Ауызша көбейту.	1	21.12.22	
16	Жасырын таңбалар.	1	28.12.22	
17	Математикалық сөзжүмбак.	1	11.01.23	
18	Қызықты торкөздер.	1	18.01.23	
19	99-ға көбейту.	1	25.01.23	
20	25-ке көбейту.	1	1.02.23	
21	Есептер шығару	1	8.02.23	
	IV- болім. «Қызықты тапсырмалар»	7сағат		
22	Қызықты есептер.	1	15.02.23	
23	Құпия хат.	1	22.02.23	
24	Сиқырлы торкөздер.	1	1.03.23	
25	Сандарды 5,50,500-ге көбейту.	1	8.03.23	15.03.23
26	Көп таңбалы сандарды көбейту.	1	15.03.23	
27	Көнілді жаттығулар.	1	29.03.23	
28	25-ке бөлу.	1	5.04.23	
	V- болім. «Геометриялық фигуралар»	8сағат		
29	Логикалық есептер.	1	12.04.23	
30	Сиқырлы шаршы.	1	19.04.23	
31	Құпия код.	1	26.04.23	
32	Жұмбақ кілт.	1	3.05.23	
33	Сиқырлы домино.	1	10.05.23	
34	Білімді тиянақтау.	1	17.05.23	
35	Тест.	1	24.05.23	
36	Қорытынды сабак	1	31.05.23	

АҚПАРАТТЫҚ – ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМ.

Оқыту әдістемесі ұғымын - мұғалім қалай үйрету емес, мұғалімнің көмегімен оқушы мазмұнды қандай ретпен, қалай игеру, оку құралын қалай, қайтып пайдалану, мұғалім тарапынан оқушыны жан жақты қалай дамыту, оқытудың нәтижесін немен, қалай бағалау әдіс тәсілдерінің жиынтығы деп қабылдауға тұра келеді.

Курсты оқытуда жаңа әдістер ретінде «Диалог негізінде оқыту және оқу» және «Қалай оқу керектігін үйренуді» қарастырады, себебі олар әлеуметтік-сындарлық көзқарастарымен тыңыз байланысты. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтың шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамуына көмектеседі. Ал «Қалай оқу керектігін үйрену» оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

Факультативтік курсты оқытуда жаңа тақырыпты оқушының өз бетінше менгеруі үшін оларды оқытудың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту әдістерін, сонымен қатар түсініктемелер, есептер, жұмбак өртегілер, ребустар, цифrlар әлемі туралы түсініктерді қолданған тиімді. Себебі сындарлы оқытуға негізделген факультативтік сабактар оқушыларға математика пәні бойынша өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді.

Оқу материалын терең менгеру үшін сабакта дидактикалық ойындар, мақал-мәтел, жұмбак, ребустар, санамактар, логикалық жаттығулар, өлең есептер т.б. қолдану қарастырылған

Сабакты бекіту кезеңінде оқушылардың сабактан үйренгенін бекіту, жаңадан алынған ақпаратты пайдалана отырып, білімдерін жетілдіру бағытында «Түртіп алу», «Семантикалық карта», «Автор орындығы», «Үстық орындық», «Сыртқы шенбер, ішкі шенбер», «Кластер» әдістерін, ал сабакты қорытындылауда «Маршрут картасы», «Венн диаграммасы», «ББУ», «Ассоциация», т.с.с. әдістерін пайдаланған тиімді.

Бағалау әдістері ретінде «Бағдаршам», өзін -өзі бағалау, бір – бірін бағалау, «Үш шапалак», «От шашу», «Білім айнасы», «20 секунд» «Еркін жазу», 5 мин эссе, бір сөйлеммен қорытындылауды пайдалануға болады. Оқыту нұсқауы бойынша осы стратегияларды пайдаланғанда оқушылар әр бір деңгейлік есептер шығарғаннан кейін талдау жасап нені білетінін, нені білмейтінін айқындастын белсенді іс-әрекеттер байқалады.

Жоғарыда аталған оқыту әдістерін қолдану нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызыгушылығы, ынтасы артады, шығармашылықпен жұмыс істеуге, берілген тақырыпты жан-жақты ашуға бір-бірінің пікірін тындай білуге, өз ойын ашық жеткізуге, басқаның пікірін сыйлауға үйренеді.

МҰГАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бекенбаева З.Қ «Логикалық есептер» Астана-2005 жыл.
2. Т.Қ.Оспанов, Ш.Х. Құрманалина, Ж.Т. Қайынбаев, К.Ә.Ерешева, М.В.Маркина. Математика 3,4-сынып. Алматы «Атамұра» 2009жыл.
3. Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева «Қызықты математика» 4-сыныптарға арналған жұмыс дәптері. Алматықітап-2011жыл.
4. Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Буровова «Математика» Әдістемелік күрал. Алматықітап – 2011 жыл.
5. Л.И.Орлова, А.Қ.Әбілдаева, Э.Қ.Қабылова «Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру» Әдістемелік күрал. Алматықітап-2011жыл
6. Ерешева К, Құлмұханбетова Ж. «Логика әлемі» Әдістемелік күрал. Өлкө-2011жыл.
7. Сәбетбай Елубаев. Қазақтың байырғы қара есептері. Алматы. Қазақстан. 1996 жыл.
8. Жалмағамбетова Н.Б. Бастауыш мектеп оқушыларының математикалық білім, білік, дағдыларын тексеруге арналған тест жұмыстары. «Өнер» баспасы. 2005жыл.
9. Бастауыш білім, Бастауыш мектеп, Мөлдір бұлак журналы.
10. Математикалық дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар. Алматы. «Атамұра» 1997 жыл.
11. Логикалық тапсырмалар.
12. Б.М.Қосанов «Математика курсындағы шығармашылық жаттығулар»

ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бекенбаева З.Қ «Логикалық есептер» Астана-2005 жыл.
2. Т.Қ.Оспанов, Ш.Х. Құрманалина, Ж.Т. Қайынбаев, К.Ә.Ерешева, М.В.Маркина. Математика 3,4-сынып. Алматы «Атамұра» 2009жыл.
3. Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева «Қызықты математика» 4-сыныптарға арналған жұмыс дәптері. Алматықітап-2011жыл.
4. Сәбетбай Елубаев. Қазақтың байырғы қара есептері. Алматы. Қазақстан. 1996 жыл.
5. Бастауыш білім, Бастауыш мектеп, Мөлдір бұлак журналы.
6. Математикалық дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар. Алматы. «Атамұра» 1997 жыл.
7. Логикалық тапсырмалар.